

**МУНАЙ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ
ҚОЙМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
КӨЛЕМДЕРІ**



Кәсіпкерлікте мұнай және мұнай өнімдерін есепке алу, сақтау және жинау үшін, мұнай өңдеу зауыттарында, мұнайбазаларында және мұнайөткізгіштер мен мұнай өнімдер өткізгіштері станцияларында әртүрлі өлшемді ыдыстар бар.



Тағайындалуы бойынша бұл ыдыстар мұнайды сақтауға, қара және ақшыл мұнай өнімдерін сақтауға деп бөлінеді. Материалы бойынша металл және металл емес. Металл резервуарларды болаттан жасайды, ал металл еместерді темірбетоннан жасайды.





Әр түрлі топтағы резервуарларды формасы бойынша цилиндрлі, көлденең-цилиндрлі, тамшы тәріздес және т.б болып бөлінеді.










Резервуарды орнатудың схемасы бойынша: жер үсті, олардың түбі алаңның ең төменгі белгісінен жоғары немесе сол деңгейде болады, жерасты, сұйықтықтың ең үлкен деңгейлі, ең төмен белгісінен 0,2 м болады. Резервуарларды әртүрлі көлемді 100 м^3 -ден 120000 м^3 дейін болады. Ақшыл мұнайларды сақтау үшін болат резервуар, сонымен ішкі жабыны бар темірбетоннан, болат беттен немесе металл емес изоляциядан, мұнай өнімдерінің әсеріне тұрақты резервуарды қолданады.

Көп мөлшерді мұнай мен қара мұнай өнімдерін сақтау үшін негізгі темірбетонды резервуар қолданылады. Майлау майларын, ереже бойынша болат резервуарларда сақтайды.



Конусты жабыны бар резервуарлар $1000-5000\text{м}^3$, оның ортасында орталық тіректі орнатады, оған жабын щиттары тіреледі. Сфералық жабыны бар резервуарлардың көлемін 10000, 15000 және 20000м^3 етіп құрады. Контур бойынша жабын щитты резервуарлардың қанқасында орналасқан сақинаға тіреледі. Резервуардың қабырғаларының бетінің қалыңдығы 6-14мм. Жабын бетінің қалыңдығы 3мм .







1 — ЖАРЫҚ ЛЮГИ; 2 — ГИДРАВЛИКАЛЫҚ САҚТАУ КЛАПАНЫ; 3 — ӨРТ САҚТАҒЫШЫ; 4 — ДЕМАЛУ КЛАПАНЫ; 5 — ӨЛШЕУ ЛЮГИ; 6 — ДЕҢГЕЙ КӨРСЕТКІШІ; 7 — ЛЮК-ЛАЗ; 8 — СИФОНДЫ КРАН; 9 — ЖАРЫЛҒЫШ; 10 — ҚАБЫЛДАУ-ТАРАТУ ПОДПУНКТТЕРІ; 11 — ЖІБЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ; 12 — ЖАРЫЛҒЫШПЕН БАСҚАРУ; 13 — ШЫҒЫР; 14 — КӨРЕТУ ҚҰБЫРЫ; 15 — КӨТЕРУ ҚҰБЫРЫНЫҢ ШАРНИРІ; 16 — БЛОК

Металл емес резервуарлар – олардың ауыстырылатын конструкциясы металл емес материалдардан жасалады.

Металл емес резервуарларды темірбетон резиналы металлы немесе синтетикалық матадан жасайды.




Тамшы тәріздеге тиіс қаңқалы резервуарлар жатады.
Мұндай резервуарлардың көлемін $5000-6000\text{м}^3$ етіп жасайды және $0,075\text{МПа}$ қысымға дейін есептелген.

Қаңқаларында екі қисықты бірнеше қабық қиылысатын резервуарларды көпкупалды деп айтады. Бұндай резервуарларды көлемі $5000-20000\text{м}^3$ етіп жасайды және олар $0,37\text{ МПа}$ дейін есептелген



ТЕМІРБЕТОНДЫ РЕЗЕРВУАРЛАР САҚТАЛАТЫН МҰНАЙ ӨНІМІНІҢ ТҮРІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ МАЗУТҚА, МҰНАЙҒА, МАЙЛАРҒА ЖӘНЕ АШЫҚ МҰНАЙ
ӨНІМДЕРІН САҚТАУҒА ДЕП БӨЛІНЕДІ.



Темірбетонды резервуарлар, металды экономдаудан басқа технологиялық артықшылықтарына ие. Онда қызыдырылған тұтқыр мұнай мен мұнайөнімдерін сақтау кезінде аз жылушығыны есебінен қату жайлап жүреді, ал аз буланатын ашық мұнай өнімдерін сақтау кезінде буланудан шығындар азаяды, өйткені жерасты резервуарлары күн сәулесін аз көрінеді.

Бұл типті резервуарларды жоспарда дөңгелек немесе тікбұрышты етіп құрайды. Дөңгелек формалы резервуарлар экономикалық жағынан тиімді, бірақ тікбұрышты формалы резервуарлар дайындауы өте қарапайым болып келеді.

